

Қарқара жәрмеңкесі

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 23 маусым 1993 ж. N 248-ө

Қазақстан Республикасының шетелдермен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық байланысын дамыту және ХІХ-ХХ ғасырдың бас кезінде Ұлы Жібек жолында жұмыс істеген Қарқара жәрмеңкесін қайта түлету мақсатында:

1. Жыл сайын қыркүйек айында Алматы қаласында "Қарқара" халықаралық жәрмеңкесі өткізілетін болып белгіленсін.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымына жәрдемдесудің Қазақ республикалық ассоциациясын (БҰҰЖҚРА), "Атакент" Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы "Акционерлік қоғамын тарта отырып, "Қарқара" халықаралық жәрмеңкесін жыл сайын ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасының Сыртбайланысминіне, Алматы қаласының әкіміне тапсырылсын.

3. "Атакент" Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы "Қарқара" халықаралық жәрмеңкесін жыл сайын өткізетін орын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртбайланысминіне БҰҰЖҚРА және "Атакент" Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамымен бірлесіп, "Қарқара" халықаралық жәрмеңкесі туралы" Ережені әзірлеу және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге табыс ету тапсырылсын.

5. "Қарқара-93" халықаралық мерейтойлық жәрмеңкені өткізу мерзімі 1993 жылғы 10-16 қыркүйек болып белгіленсін.

6. "Қарқара-93" халықаралық мерейтойлық жәрмеңкені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін (қосымша).

7. Ұйымдастыру комитетіне "Қарқара-93" халықаралық

мерейтойлық жәрмеңкені дайындау және өткізу жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеп, бекіту тапсырылсын.

8. Сыртбайланысмині Қазақстан Республикасының Қаржыминімен келісе отырып, 1993 жылғы 10 шілдеге дейін "Қарқара-93" халықаралық жәрмеңкесіне қатысушылар үшін дайын өнім экспортына арналған жеңілдіктер жөнінде ұсыныстар дайындап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің

1993 жылғы 25 маусымдағы
N 248 өкімімен
бекітілген

"Қарқара-93" халықаралық мерейтойлық жәрмеңкесін
ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Ұйымдастыру
комитетінің
Құрамы

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы

Жабагин А. Ә. - Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары

Ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасарлары

Әбішев С. Ж. - Премьер-министрдің
орынбасары - Сыртқы экономикалық
байланыстар министрі

Нұрқаділов З. Қ. - Алматы қаласының әкімі

Есімов А. С. - Алматы облысының әкімі

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Абдоллаев Қ. А. - "Атакент" Қазақстан іскерлік
ынтымақтастық орталығы" акционерлік
қоғамының президенті

Дербісов Е. Ж. - Қаржы министрі

Ізтілеуов Б. І. - Экономика министрі

Есенғарин Н. Қ. - Көлік министрі

Желтиков О. И. - Сауда министрі

Қанапиянов С. М. - Президент пен Министрлер Кабинеті
Аппаратының Сыртқы байланыстар
бөлімінің меңгерушісі

Құлманов М. Е. - БҰҰ-ға жәрдемдесудің Қазақ
республикалық ассоциациясының
президенті

Қырбасов Ә. М. - Сауда-өнеркәсіп палатасының
президенті

Мұртаза Ш. - "Қазақстан" мемлекеттік телерадио
хабарларын тарату компаниясының
төрағасы

Саламатин А. Ғ. - Өнеркәсіп министрі

Сәрсенбаев А. С. - Баспасөз және бұқаралық ақпарат

Тұрапов Қ. Т. министрі
 - "Қазконтракт" АҚ концернінің
 президенті

Тұрсынбаев Б. М. - Ауыл шаруашылық министрі

Ульянов И. В. - Байланыс министрі

Халықов Ғ. Х. - "Қазтұрғынкомшар" концернінің
 президенті

Шевелев В. В. - Президент пен Министрлер Кабинеті
 Аппаратының Мемлекеттік органдарда
 басқару бөлімінің меңгерушісі